



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№16

(796)

8 мамыр

2020 жыл

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ

АЙБЫНЫ АСҚАҚ, ТҰҒЫРЫ БИІК



ОҚИҒА ОРНЫНАН

АЙТЫП КЕЛМЕГЕН АПАТ

Мен туып-өскен Мақтарал ауданы қазір су тасқынынан әжептәуір қиыншылық көріп отыр. Әсіресе, 2 шақырым қашықтықтағы көрші ауылдар «Жаңа тұрмыс» пен «Жеңіс» ауылдары су астында қалып, үй мен қора-қопсы жарамсыз болып қалды. Діқанның еккен мақтасы, көкөніс су астында атала болды. Ірілі-ұсақты мал суға малтығып өлді.

Біздің ауылдан 3 шақырымға жуық жерде бірінші «Сардоба» үлкен арығы, одан сәл әріде, шамамен 300 метрдей жерде «Балық шаруашылығы мекемесі» деп аталатын тоған болатын. Соны өзбек өкіметі үлкейтіп, 2017 жылы үлкен су қоймасын салған екен. Көршілермен бұрынғыдай тығыз байланыс жоқ. Ауқымы кең су қоймасын салғанын ауылдастарым енді біліп отыр.

Шындығын айтсам, 1 мамыр күнінен бастап 4 мамырға дейін мақтаралдықтар мен жетісайлықтар буынып-түйініп, бір киер киімі мен құжаттарын сөмкесіне салып, Сырдария өзенінің оң

жағалауына кашумен болды. Ал кейбіреулері Келес, Сарыағаш, Шардара аудандарындағы, Атакент поселкесіндегі туған-туыс, құда-

Амал жоқ, мен де бала-шағамды алып, Келес ауданындағы күйеу балам мен қарындасымның үйіне жеттім. Олар алдын ала телефон шалып,



Фото: САМАТ МЫРЗАЛИЕВ

жекжаттың үйін паналады. Сырттай қарасаңыз, жортып бара жатқан адамдар құлды соғыс жағдайын елестеткендей.

амандығымызды біліп, «тезірек біздің үйге жетіндер» деп колка салған.

(Жалғасын 3-беттен оқыңыз)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Соңғы жылдары қоғамда белең алып кеткен бір мәселе – жастардың масылдық психологиясы. Түсінікті тілмен айтқанда, жалқаулық. Оны психологтардың өзі де айтады. «Қазіргі жастар жаны қиналмай ақша тапқысы келеді. Еңбек етпей бірден байып кетуге әуес» дейді. Мұндай пікірді жастарды бизнес жасауға үйретіп жүрген кәсіпкерден де естідік. Бүгінгі сұхбатымыз осы тақырыпқа арналды.

Jas qazaq: Ахметбек мырза, сіз үнемі қазақ жастарын жалқау болмауға шақырып, еңбек етуге үндеп отырсыз. Әлеуметтік желідегі, басқа орталардағы әңгімелеріңізге қарағанда, бүгінгі жастар алаканы ойылмай ақша табуға бейім сияқты ма қалай? Бұл қайдан келген, сүйегімізге кетпестей болып сініп алған кандай жалқаулық?

А.Нұрсилә: Бұл адамның бойына сүтпен сіңетін мінез. Еңбеккер немесе жалқау болсын, бәрі мінезден. Бірақ мінез адаммен бірге тумайды, қалыптасады. Оны қалыптастыратын ортасы. Өскен ортасы, қоршаған ортасы адам мінезінің айнасы. Мысалы, кез келген мемлекетке барсаңыз, оңтүстік пен солтүстік адамдарының мінез-құлқы бір-біріне ұқсамайды. Германияға, Италияға немесе Қытайға барыңыз. Солтүстіктің адамдарының мінезі қатқылдау, сөзі аздау болады. Ал оңтүстіктің адамдары жұмсақ келеді. Өмір сүруге бейім. Саудаға, бизнеске, еңбекке жақын. Адамды қалыптастыратын тағы бір себеп – ұстаным. Адам нені ұстанады, солай қалыптасады.

Ал соңғы жылдары қазақ жастарының жаппай жалқаулыққа ұрынған себебі – біздің жер асты, жер үстіндегі байлығымыздың

Ахметбек НҰРСИЛА:

МАСЫЛДЫҚ ПСИХОЛОГИЯДАН АРЫЛУ КЕРЕК



«буы». Өйткені жер асты байлығымыз өте көп. Оны аштық, шетелге саттық. Мұнайымыз теңіз боп ақты, газымыз су боп сатылды. Егер біздің орнамызда тіршілікке бейім немістер, жапондар немесе қытайлар болсын, бәрі біз сияқты жалқаулыққа ұрынар еді. Өйткені орта қалыптастырып жатыр бізді. Ақша қаншалық жеңіл жолмен келген сайын, адам да жеңіл өмірге бейімделе бастайды. Ойын-сауыққа, жеңіл-желпі көңіл көтеруге дөңдеп алады. Сондықтан біздің елде әншілердің, асабалардың дәурені жүріп тұр. Халық та ақшасын аямай той жасайды. Асаба мен әншілерді шақырады. Еш ойланбастан концертке бара береді. Әншілер де халықтың ақшасына өмір сүруге үйреніп алды. Осылай жақсы өмір сүруге болады екен ғой деген бейсана қалыптасады. Соның кесірінен жанымызды кинамай пара бере салуға, анау-мынау шаруаны ақшамен шешуге дағдыландық. Еңбек етпей, жанымызды кинамай өмір сүруге бейімделдік. Ал табиғи ресурсы жоқ елдердің халқы қаласа да, қаламаса да, еңбеккер болады. Енді мынадай қиын жағдайда, біз қаласақ та, қаламасақ та еңбеккер болуға тиіспіз. Соған келдік.

Jas qazaq: Жастардың ортасында көп боласыз. Өз замандастарыңызбен салыстырғанда, бүгінгі жастардың бойында кандай кемшілік басым? Мәселен, жастар еңбек етіп ақша табуға қаншалық дайын? Өлде әке-шешесінің табысына өмір сүруді жеңіл көретін жігіттер әлі көп пе?

А.Нұрсилә: Менің замандастарымның ерекшелігі – бізде үлкенді сыйлау дейтін тәрбие басым болды. Тіпті бір үйде қонақта отырғанда немесе көшеде кетіп бара жатсаңыз, шалдар таяқпен тартып жіберсе, оған қарсы сөз айту біздің мінезімізде жоқ еді. Ал қазір көптеген жастар үйдегі тәрбиеден гөрі, көшеден, теледидардан, интернеттен көрген тәрбиесін бейсана сіңіріп алады. Соның кесірінен үлкенді сыйлау, кішіні аялау деген қасиеттерден айрылып қалдық. Бұл бір. Ал екінші, біздің кезімізде, яғни 1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың басындағы жастар еңбекпен өсті. Ата-аналары оларды еңбекпен тәрбиеледі. Өздері де көздерін еңбекпен ашып, бір үзім нанды маңдай термен табуды үйренді.

Қазіргі жастар мүлде бөлек тәрбиемен өсіп жатыр. Аяқ астынан байып шыға келген адамдардың отбасында туған балалар қалай болушы еді? Жеңіл ақшаға жақын.

(Жалғасы 3-бетте)

JAS QAZAQ САУАЛЫ:

Салымшылардың өз жинақтарының инфляциядан қорғалуына қатысты алаңдауына негіз бар ма?



ЖАУАБЫ:

Жанат ҚҰРМАНОВ, БЖЗҚ АҚ Басқарма төрағасы:

«Соңғы уақытта әлемдік қаржы нарығында әлемді жайлаған қауіпті індет пен мұнай бағасының өзгеруіне байланысты бірқатар жағымсыз оқиғалар орын алды. Бұл ретте тұрғындар «зейнетақы қорындағы жинақтарымыз азайып кете ме?» деген сұрақты жиі қояды. Біздің айтпағымыз, алаңдауға еш негіз жоқ. Өйткені ҚР «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңына сәйкес, мемлекет азаматтарға олардың зейнетақы жинақтарының инфляциядан қорғалуына

кепілдік береді. Бір сөзбен айтқанда, мемлекет салымшы зейнетке шыққан кезде зейнетақы жинақтары азайып қалса, оны өтеп береді. Бірақ бұл шара жинақталған инфляция деңгейі, инвестициялаудың барлық жылдарында алынған табыстан асып кеткен жағдайда ғана жүзеге асырылады».



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
29,42

DOLLAR
420,92

EURO
453,92

РУБЛЬ
5,66

Әлеумет.т⁰



(Бұл туралы 2-беттен оқыңыз)

БИЛІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық «Egemen Qazaqstan» газетіне сұхбат берді. Әңгіме ел-жұртты толғандырған тақырыптар төңірегінде өрбіді. Президент еліміздің болашақ бағыт-бағдарына да тоқталып өтті. Осы сұхбатта айтылған өзекті мәселелерді оқырман назарына ұсынып отырмыз.



несиені мүлдем қайтармаймыз деген түсінік қалыптаспауы керек. Бұл — жансақ пікір. Үкіметтің қатысуымен шағын және орта бизнес өкілдеріне жеңілдетілген несие беру бағдарламасы әзірленді. Егер банктер кәсіпкерлерге, азаматтарға несие беруді тоқтатса, экономиканың көптеген саласы тұралап қалады. Біз бұған жол бермейміз. Менің тапсырмам бойынша Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қаржы жүйесінің тұрақтылығын сақтау үшін қосымша шаралар қарастыруда.

МЕМЛЕКЕТ БЮДЖЕТІ

Дағдарыс жағдайында, көбіне, бюджеттің кірісі мен шығысын реттеу қажеттілігі туындайды. Үкімет дағдарыс кезеңінде бюджетті нақтылаудың ерекше тәртібін бекітті. Коронавируспен күресу үшін қомақты қаржы бөлінді. Ел азаматтарына қолдау көрсету, экономикалық белсенділікті арттыру шаралары қосымша қаржыны талап етеді.

Бюджет қаржысына қымбат көлік пен жиһаз алынбайды. Ауқымды жиындар өткізуге арналған қаражат қысқартылды. Кейбір инвестициялық жобалар кейінге қалды. Үнемделген қаражат экономиканың тұрақты дамуын және төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге жұмсалуда. Халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған бірқатар жобалар іске асырылып жатыр.

ЕГІС НАУҚАНЫ

Биыл көктемгі егіс науқанына және өнімді алдын ала сатып алуға

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕН БАСТАЛАДЫ

БАҒЫТ-БАҒДАР

Қазақстанның стратегиялық бағыт-бағдары айқын. Елбасы бұл мәселе жөнінде Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында нақты атап көрсетті. Кез келген дағдарыс тың бастамаларды туындатады. Осы кезеңнен сабақ алып, осал тұстарымызды жетілдіруіміз керек.

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА

Баска елдердің валюталарымен қатар біздің теңгеміздің де құны кеміп кеткені рас. Осыған орай, Үкімет пен Ұлттық банк жағдайды тұрақтандыру үшін нақты шаралар қабылдады. Мен квазимемлекеттік секторға экспорттан түсетін табыстың бір бөлігін ішкі нарықта сатуды тапсырдым. Олар шетел валютасындағы депозиттерін еліміздің қаржы жүйесіне қайтаруда. Бұл қаражат нақты жобаларға жұмсалады. Осы және баска да шаралар доллар тапшылығын болдырмау үшін жасалып отыр.

Ерте ме, кеш пе, теңге бағамы тұрақтанады. Бірақ бұған сыртқы факторлар әсер етпей қоймайды. Тенгенің долларға қатысты бағамы валюта нарығындағы сұраныс пен ұсынымның азды-көптігіне қарай түзелетіні белгілі. Сондықтан құзырлы органдар валюта нарығына қатысты заңсыз әрекеттердің жолын кесетін болады. Алдағы уақытта Ұлттық банк тенгенің еркін бағамы қағидатын ұстанып, Үкіметпен бірлескен жұмысын жалғастыра береді.

БАНК ҚЫЗМЕТІ

Төтенше жағдай кезінде екінші деңгейдегі банктер әлеуметтік-экономикалық ахуалдың тұрақтануына өз үлесін қосты. Ең алдымен, банктер кәсіпкерлерге және азаматтарға берген несиені қайтару мерзімін кейінге ауыстырды: несие төлемдері 3 айға шегерілді. Табысынан айырылғандарға мұндай көмек қажет. Бірақ жұртшылық арасында

200 миллиард теңге бөлінді. Соның 70 миллиарды тұқым өндірісін дамытуға, тынайтқыш сатып алуға жұмсалады. Сонымен қатар шағын және орта шаруа қожалықтары жанармайды арзан бағамен алады. Осыған орай 390 мың тонна дизель отыны жеңілдікпен сатылуда. Мұның бәрі мол өнім алуға септігін тигізеді деп сенемін.

Қазір халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету — негізгі мәселенің бірі. Мұны Үкіметке де, әкімдерге де тұрақты бақылауда ұстауды тапсырдым. Елімізде азық-түлік жеткілікті. Бағаны қымбаттатпай, елді түрліктірмей, жұмысты дұрыс жүргізген жөн.

МИГРАЦИЯ

Ең маңызды мәселе — ауылдағы жастарға жағдай жасап, оларды жұмыспен қамтамасыз ету. Әйтпесе бақылаусыз миграция мен урбанизацияға ұшырап, соның салдарынан күрделі әлеуметтік және саяси мәселелерді шешуімізге тура келуі мүмкін. Міне, біз осындай қиыншылықтарды көре бастадық. Әсіресе бұл ірі қалаларда байқалуда. Осы мәселелер мемлекеттік органдардың ұдайы назарында болуы керек.

МЕДИЦИНА

Коронавирус індеті медицина ғылымын дамытудың да өзекті екенін көрсетіп берді. Қазір бүкіл әлем осы салаға ерекше назар аударып, жұкпалы аурулармен күресті күшейтуде. Бұл — заңды құбылыс. Алдағы уақытта елімізде медициналық-биологиялық зерттеулерге ерекше көңіл бөлінеді. Өйткені айбынды әскермен бірге мықты медицина да — мемлекеттің негізгі қалқаны. Бұдан былай оның өзектілігі арта түсетіні сөзсіз.

СЫРТҚЫ САЯСАТ

Қазір пандемиямен күрес жүргізу бағытындағы халықаралық ынтымақтас-

тықты күшейту қажет. Біз серіктес елдермен бірге күш жұмылдырып отырмыз. Бұл — індетке қарсы тұрудың негізгі жолы. Сыртқы саясатымыздың сабақтастығы сақталатын болады. Өзіміздің дәстүрлі және жаңа серіктестерімізбен өзара тиімді қарым-қатынастарды дамыта береміз.

Кез келген мемлекет үшін баска елдерден инвестиция тартудың маңызы зор. Сондықтан біз де сыртқы саясатта экономикалық дипломатияға баса мән береміз. Бұл — Қазақстанның ұзақ мерзімге арналған стратегиясындағы басым бағыттың бірі. Алдағы кезеңде де солай болып қала береді. Сыртқы саясат сөз жүзінде емес, іс жүзінде сындарлы болуға тиіс. Дипломатия саласы да індеттің салдарынан сабақ алғаны жөн.

ЦИФРАНДЫРУ

Бүгінде цифрлы технологиялар қарқынды дамып, қоғамдық өмірдің түрлі саласына дендеп еніп келеді. Біз осы үрдіске баса мән беріп отырмыз. Бұл — қазіргі заманның басты талабы. Мұны коронавирус індетіне байланысты туындаған күрделі кезең анық аңғартты. Менің тапсырмам бойынша Үкімет «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында анықталған кемшіліктерді ескеріп, қайта қарайды. Цифрландыру үдерісі елімізді өркендетуге тын серпін беретіні сөзсіз. Оның мән-маңызы арта бермек.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Жаңа сын-сынаққа төтеп беру үшін, ең алдымен, ұлттық құндылықтарды қорғай білген жөн. Ана тілімізді, салт-дәстүрімізді, ұлттық сана-сезімді, қоғамдағы татулық пен келісімді, береке-бірлікті сақтай алмасақ, келер ұрпақ бізді кешірмейді. Әсіресе мемлекеттік тілдің мәселесі өте маңызды. Тіл — ұлттың тұғыры, ұрпақтың ғұмыры. Казак тілі казакты әлемге таныта алады.

Халықтың тілі — халықтың төлқұжаты. Мұны әрдайым есте ұстау керек. Біле білсек, ұлттық қауіпсіздік тілімізді қадірлеуден басталады.

АДАМ КАПИТАЛЫ

Адами капиталды одан әрі дамытамыз. Бұл бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыру үшін қажет. Осыған орай білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларын да түбегейлі жаңғырту міндеті алдымызда тұр.

Тағы бір зор мақсат — елді еңбекке баулу. Шындықты айтсақ, шетелдерде халқымыз нағыз енбеккор жұрт ретінде әлі таныла қойған жоқ. Бұл біздің беделімізге де едәуір нұқсан келтіреді. Қажырлы еңбектің арқасында ғана көп мәселені шешіп, мемлекетімізді дамытамыз, әл-ауқатымызды арттырамыз. Сондықтан еңбекке баулу жастарға тәрбие берудің негізгі бағыты болу керек деп санаймын. Бұл ұлттың болашағына тікелей ықпал етеді.

«БІРГЕ ЖЕҢЕМІЗ!»

Пандемия кезінде бүкіл қоғамымыз сынға түсті. Көптеген азаматтар қиын сәтте елге қызмет етудің озық үлгісін танытты. Бұл — парасатты патриотизмнің көрінісі. Кез келген күрделі кезең адамның жігерін жанып, рухын қайрайды. Әлемге жайылған індет тұсындағы ахуал халқымызды одан әрі ұйыстыра түсетіні анық.

Осы ретте, ұлы Абайдың «Тоқтаулылық, қалыпты шыдамдылық — бұл қайраттан шығады, білсең керек» деген өлең жолы ойға оралады. Шын мәнінде, табандылық пен төзімділік танытсақ, қиындыққа төтеп береміз. Еліміз бұл қиындықтан ширап әрі шыңдалып шығады деп толық сеніммен айта аламын.

Барлық қиындықты бірге жеңеміз!

Әлеумет.t⁰ КЕЗЕКТІ ДЕМОКРАТИЯ «ДӘРІСІ» МЕ?

Біер күн бұрын ақпарат айдынында коронавирусқа қатысты мультфильм пайда болды. Онда Қытайда күйдірген саздан (*терракот*) жасалған жауынгер мен Америкадағы Бостандық ескерткіші айтысқа түседі. Бұл — кеселге қатысты мәліметті «жасырып қалды» деп айыптаған Вашингтонға Бейжіңнің берген жауабы. Шағын бейнетуындыда қытай билігінің карантин енгізіп, жұртты жаппай оқшаулауы «демократияға жат» әрекет деп бағаланады.

Сол кезде жер-жердегі құқық қорғаушылар мұны «адам еркіндігін шектеу» деп айқай салды. Бір қызығы, көп өтпей, АҚШ пен Еуропада карантин енгізіліп, тұрғындар үйден шыға алмай қалғанда әлгі аттан салғыштар сап тыйылды.

Жақында біздің парламентте бейбіт митинг туралы заң жобасы мақұлданды. Еркіндігі көбірек кең қолтық құжат. Қаланың қиыр шетінде емес, как ортасында жиналып, талап-датынызды жеткізе аласыз. Ең бастысы, бұрынғыдай рұқсат күтіп жүрмейсіз. Әкімдікті құлақтандырсаңыз жетіп жатыр. Асырып айтқандық емес, мұндай заңды ТМД кеңістігінде кездестіру қиын.

Мұны биліктің қоғамды демократияландыру жолындағы елеулі жетістігі деуге өбден лайық. Бірақ осынау жанашылдығы мол құжат БҰҰ-ға жакпай қалыпты. Ұйым өкілі Клеман Вул митинг кезінде бет-жүзін жасыратын бетперде тағуға тыйым салатын бапқа шүйлігіпті. Бұған ақпарат және қоғамдық министрлігі дер кезінде жауап қайтарды. Дәурен Абаев «БҰҰ-ның мәртебелі арнаулы баяндамашысы мұндай өкпе-ренішін, айталық, АҚШ-ка білдірді ме екен? Ол елдегі 15 штатта осындай тыйым енгізілген. Немесе, осындай тәртіп бұзғаны үшін 6 айға қамайтын Австрияға жеткізді ме? Испанияда жүзін жасырғандар 30 мың еуро айыппұл арқалайды. Мұндай тыйым әртүрлі сипатта Германия, Швеция, Дания және Швейцарияның бірқатар кантондарында (*өңір*) кездеседі» деп толымды да тұрлаулы уәжді көлденең тартты.

Осы аптада Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары болып тағайындалған Д.Абаев шетелдіктердің еліміздегі митингке қатысуына рұқсат беруге әлі ерте екенін мәлімдеді. Заң жобасынан кемшілік іздейтін құқық қорғаушылар баршылық екені, үкіметтің мемлекет мүддесі, қауіпсіздік және елдің тұтастығы саудаға салынбайтыны кесіп айтылды.

Осындай орынсыз сын айтылып жатқанда еліміздің осы ұйымдағы өкілдігінің үнсіз қалғаны түсініксіз.

Айта кеткен жөн, бүгінде жер бетінде бейбітшілік пен әділдікті қорғауы тиіс БҰҰ әрдайым қара қылды қак жаратын әділетті ме? Бұдан біраз бұрын Түркияның екі министрі (*біреуі әділет мекемесінің жетекшісі —авт.*) өздерінің қандастары ұйымдастырған Голландия мен Германиядағы митингке қатысқысы келді. Рұқсат берілмеді. «Бұл біздің ішкі мәселеміз» деді. Сол кезде халықаралық құқық ұйымдары «Шетелдіктерді неге кіргізбейсін» деп әлгі екі елді сынап-мінеген жоқ. Ал ресейлік кейбір сарапшылар БҰҰ-дағы кейбір күштер ықпалды топтардың сойылын соғады деген пікірде. Олар ұйымның Либиядағы кантөгісті тоқтатуға белсенді әрекет етпегенін, керісінше, осы елден Батысқа баратын мұнай экспорты тоқтағанда дабыл қакканын тілге тиек етеді.

Саясаттануда бір мәселе бойынша екіжүзді ұстанымды халықаралық қатынас тілімен double standart деп жүр. Өзіне келгенде үндемей, былайғы жұртқа үнемі демократия «дәрісін» оқитын Батыстың осындай китұрқы амалы туралы біздегі кейбір құқық қорғаушылар әдеттегідей жак ашпайды.

Срайыл СМАЙЫЛ



ЖАҢА ҚЫЗМЕТКЕ КЕЛДІ



Мәулен ӘШІМБАЕВ
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы болып сайланды

Дәурен АБАЕВ
Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары болып тағайындалды



Аида БАЛАЕВА
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрі болып тағайындалды

Менеджмент

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ШЫҒЫНДЫ ҚЫСҚАРТТЫ

Ұлттық компания мұнай бағасының құлдырауына байланысты дағдарысқа қарсы іс-шаралар туралы хабарлады. Бұл туралы онлайн-брифинг барысында басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры Дәурен Қарабаев баяндап берді.

Компаниядағы дағдарысқа қарсы іс-шаралар коронавирус пандемиясының салдарынан әлемдегі мұнайға деген сұраныстың төмендеуіне жауап ретінде енгізілді. Компания бұл жұмысты негізгі өндіріспен байланысты емес операциялық, әкімшілік және капиталды шығындардан бастады.

«Шұғыл шаралар ретінде қазірдің өзінде 2020 жылға арналған жоспармен салыстырғанда, капиталды шығындарды

87,4 млрд теңгеге азайттық. Алдағы бес жылда қысқартылған капиталды шығындардың көлемі 406,4 млрд теңгені құрамақ. 2020 жылдағы жалпы және әкімшілік шығындар 15,7 млрд теңгеге қысқартылды. Операциялық шығындар 24,2 млрд теңгеге азайтылды. Ал алдағы бес жылда қысқартылған операциялық шығындардың көлемі 281 млрд теңгені құрайды», – деді Дәурен Қарабаев.

2020 жылы қысқартылған жалпы қаражат сомасы — 127,3 млрд теңге.

«Біз компанияның операциялық үлгісін өзгерту бағытында жұмыс істеп жатырмыз. Оның нәтижесінде ҚМГ басқарудың икемділігі артып, компания дағдарыс салдарын аз шығынмен енсеру мақсатында жедел қимылдап және бизнес үшін тиімді шешімдер қабылдай алатындай болуы тиіс», – деп атап өтті Дәурен Қарабаев.



Оқиға орнынан



(Басы 1-бетте)

Біз барған соң жарты сағат өтер-өтпес Мақтарал ауданы «Нұрлы жол» (бұрындары «Целинное» деп аталатын) ауылында тұратын кіші қарындасым екі қызымен жетті. Жалпы осы ауылды «алдымен су басады»дейтіндер көп-тұғын. Себебі, ауылдың бірінші көшесіндегі үйлер «Сардоба» өзенінің жағалауына орналасқан. Үй мен өзен арасы небәрі 50-70 адым. Жок, бәрі керісінше болды. Ауыл азаматтары ұйымшылдық танытып, өзендегі бөгенді өкіметтің құрал-сайманымен тез-тез бекітіп, күні-түні кезектесіп күзетіп, ауылды судан аман алып қалды.

Тәптіп сақшыларының«Тезірек кетіндер, қазір бұл ауылды да су басады» дегеніне көнбей, «туған ауылымда боламын, ешқайда бармаймын» деп үйде қалған немере ағам Әлімхан Қарақұловпен Келес ауданының Ғани Мұратбаев ауылында жанымызды шүберекке түйіп тұрып, жиі - жиі байланысқа шығып, мән-жайды біліп отырдық. Әлекен баласы екеуі жеңіл көлігімен төніректі түнімен шолумен болады. Бір жақсысы, біздің ауылды іргелей қазылған, мақтаның сор суын қашыратын үлкен арықтың «Сардобаға» түйсетін тұсын білгір жігіттер түн ортасында бульдозермен бекітіп тастапты. Осының арқасында ауыл тасқын судан зардап шеккен жок.



Оқиға басында жүрген азаматтардан күні-түні түсіп жатқан ақпаратпен танысып, ауданымызда не болып жатқанынан хабардар болып отырдық. Үшінші күні Мақтарал ауданының орталығы «Мырзакент қалашығын да су басады, тұрғындарын көшіріп жатыр екен» дегенді әңгіме тарады. Арнайы барып көрдім. Қалашыққа іргелес Фирдоуси, Өргебас, 1 май ауылдарын су басыпты. Сол күні мырзакенттіктер толықтай қауіпсіз жерге көшірілді. Ер азаматтар өз хәл-қалерінше ауылы мен көшесін судан қорғап бақты. Ал балалар мен қарттарды, әйелдерді әкімдік Атакент қалашығы мен Жетісай қаласындағы мектептерге уақытша орналастырды.

Жалпы Мақтарал, Жетісай аудандарына тақау манда көрші өзбектің түрлі су электр стансалары тұрғанын, ол жақта төтенше жағдай бола қалса, сактану амалдарын қазірден ойластыру керектігін Үкіметіміз қаперіне алса дейміз. Өйткені апат айтып келмейді.

Дәл бүгіндері қауіп сейілді делінгенмен, тұрғындардың көңілінде әлі де күдік жоқ емес. Өйткені Өзбекстан білігі интернетке жариялаған аэроғарыштан түсірілген фотосуретте «Сардоба» су қоймасының жарты суы әлі өз жауырынында жатқаны байқалады.

Өскен ПІСТЕБЕК, журналист
Мақтарал ауданы, Түркістан облысы (Арнайы Jas Qazaq үшін)

Q БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА:

Үкімет зардап шеккендерге арнап мыңнан астам тұрғын үй салатынын жария етті.

болғандықтан, балықтар тұншыққан. Бұл оттегі жетіспеушілігі салдарынан туындап жатқан жағдай болуы мүмкін деп жорамалдап отырмыз» дейді мамандар. «Әлеуметтік желілерде «бастапқыда өлген балықтың жалпы көлемінің неге 27 келі екендігі айтылды» деген сұрақ қойылып жатыр. Мынаны түсінуіміз керек. Біз бастапқыда канал бетіне шығып қалған балықтың өлексесін жинадық. Каналдың түбінде қалған балықтың қанқалары борсығаннан кейін су бетіне шығады.

Түйткіл

Өкінішке қарай, Атырау үшін балықтың жаппай қырылуы қалыпты жағдайға айналып бара жатқандай. Жақында ғана Атырау халқы төрт тоннаға жуық балық өлексесінің жиналғанына куә болды.

БАЛЫҚТЫ ТҮСІМІЗДЕ КӨРІП ЖҮРМЕЙІК...

Приморский каналының Жайыққа қарай ағатын саласынан 3 тонна 500 келі көлеміндегі балық өлексесі жиналып отыр. Атырау облысы балықшаруашылығы басқармасы басшысы Артур Сәдібекұлының айтуынша, бұл жерде балықтың жаппай улану дерегі жоқ. Өйткені канал суынан алынған сынама су құрамындағы ластаушы заттардың мөлшері рұқсат етілген норманың шекті мәнінен аспағанын көрсетіп отыр. «Приморский каналында балықтың қырылу фактісі 21 сәуір күні байқалды. Оқиға орнына барғанымызда, өлексемен бірге, каналдан шалажан сар күйде жатқан балықтар да табылды. Ең алдымен судың құрамын тексеру мақсатында сынамалар алынды. Кейін өлген балықтарды жинау басталды. Балықтардың бәрі, балықтардың өлексесі де зертханаға жолданды. 21 сәуір күні алынған сынамалардың нәтижесі каналда улану фактісінің болмағанын көрсетті. Су сынамалары екінші мәрте 27 сәуір күні де қайтаалынды. Нәтиже күтілуде. Нақты жылы Атырау облыстық әкімдігі Жайық өзеніне ғылыми зерттеу жүргізуге 80 миллион тенге бөлді. Бірақ оның да нәтижесін айтып, «себебі мынада екен» деп бөлісіп жатқан адам жоқ... Мамандардың айтуынша, балықты көбейту үшін өзен түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу керек. Әзірге ең дұрыс шешім — осы.

Біз барған соң жарты сағат өтер-өтпес Мақтарал ауданы «Нұрлы жол» (бұрындары «Целинное» деп аталатын) ауылында тұратын кіші қарындасым екі қызымен жетті. Жалпы осы ауылды «алдымен су басады»дейтіндер көп-тұғын. Себебі, ауылдың бірінші көшесіндегі үйлер «Сардоба» өзенінің жағалауына орналасқан. Үй мен өзен арасы небәрі 50-70 адым. Жок, бәрі керісінше болды. Ауыл азаматтары ұйымшылдық танытып, өзендегі бөгенді өкіметтің құрал-сайманымен тез-тез бекітіп, күні-түні кезектесіп күзетіп, ауылды судан аман алып қалды.

Тәптіп сақшыларының«Тезірек кетіндер, қазір бұл ауылды да су басады» дегеніне көнбей, «туған ауылымда боламын, ешқайда бармаймын» деп үйде қалған немере ағам Әлімхан Қарақұловпен Келес ауданының Ғани Мұратбаев ауылында жанымызды шүберекке түйіп тұрып, жиі - жиі байланысқа шығып, мән-жайды біліп отырдық. Әлекен баласы екеуі жеңіл көлігімен төніректі түнімен шолумен болады. Бір жақсысы, біздің ауылды іргелей қазылған, мақтаның сор суын қашыратын үлкен арықтың «Сардобаға» түйсетін тұсын білгір жігіттер түн ортасында бульдозермен бекітіп тастапты. Осының арқасында ауыл тасқын судан зардап шеккен жок.



Жиналған балық өлексесінің жалпы салмағына байланысты көрсеткіштің ұлғаю себебі осында», — дейді жергілікті балықшаруашылығы басқармасы басшысы Артур Сәдібекұлы. Еске сала кетсек, өткен жылы Атырауда дәл осындай жағдай орын алған еді. Былтырдың өзінде Атырауда 121 мың тонна өлі балық жиналды. Мамандар табиғат өзіне келген шығынды өзі толтырады дегенмен, шығынның орнын толтыру үшін де уақыт керек. Ондай уақыт бізде бар ма? Осы жағы қатты ойландырады... Балық жаппай қырылғаннан кейін өткен жылы Атырау облыстық әкімдігі Жайық өзенінде ғылыми зерттеу жүргізуге 80 миллион тенге бөлді. Бірақ оның да нәтижесін айтып, «себебі мынада екен» деп бөлісіп жатқан адам жоқ... Мамандардың айтуынша, балықты көбейту үшін өзен түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу керек. Әзірге ең дұрыс шешім — осы.

Комитетінің баспасөз хатшысы Сәкен Ділдахмет су ағыны кезінде байқалған шалажан сарбалықтардың басым бөлігі Жайыққа жеткенде тіріліп, өзен бойымен таралып кеткендігін хабарлаған еді. Маман болмасақ та, ойландыратын мәселе бар. Балық жаппай қырылған сайын алынатын сынамалардан соң «ластану деңгейі шекті деңгейден асқан жоқ» деген қорытынды беріліп келеді. Сонда бәрібір балық өліміне әкеліп отырған жағдай әлгі шекті деңгей критерийлерін қайта қарау керек дегенді білдірмей ме? Қазіргі қалдықтардың құрамы химиялық қоспалардан ғана тұратынын ескерек, бұл жағдай қоршаған ортаға зиянын тигізіп жатқан жоқ па? Сұрақ көп... тек алатын тұшымды жауап жоқ. Өйтеуір, балықты түсімізде көріп жүрмесек болғаны...

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау қаласы

QOƆAM

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru



www.jasqazaq.kz

Сәті түскен сұхбат

(Басы 1-бетте)

Жан кинамай тиын тауып жүрген әке-шешесін көрді. Олар қылдырып, ақшаны судай шашып жүр. Бала тәрбиені солардан алады. Міне, соның салдарынан жеңіл жолмен баюға, пара ала салуға бейім. Біреуге пара беріп жұмысын бітіруге дайын. Өмірде нақты мысал көп. Мәселен, қарапайым ғана бір прокурор немесе айлығы 200 мың тенге болатын мектеп директорының айлық шығыны — 2 млн тенге.

Ахметбек НҰРСИЛА:

МАСЫЛДЫҚ ПСИХОЛОГИЯДАН АРЫЛУ КЕРЕК

Астындағы көліктің күнделікті жанармайына 5 мың тенге кетеді. Міне, қоғамдағы осындай адамдарды көріп өскен бала не болады? Өзіңіз ойлаңызшы, осыдан кейін олар алақаны ойылып жұмыс істегісі келе ме? Еңбек етпей табыс табуға болатынын, ар-ұяттың арзан екенін бойларына судай сіңіріп алады. Жасыратыны жоқ, қазіргі жастардың көбі ұлтқа қызмет ету деген ойдан ада. Бесіктен белі шықпай қалай ақша тапсам, қалай бірден байып кетсем деп қана өмір сүреді.

Айлық табысынан күнделікті шығыны он, тіпті жүз есе көп, қымбат үйде тұратын, қымбат көлік мінетін, қымбат киім киетін сот, прокурор, директор сияқтылардың өмір сүру салты қоғамның көрсеткішіне айналып болды. Тіпті, моралдық азғындау: «жеңіл ақша табу намыс емес» деген ұғым қоғамға, жастардың санасына сіңіп болды. Баттандап сіңген дерттің мысқалдап шығуы қиын болып тұр.

Jas qazaq: Жұрттың бәрі әкім, не саудагер болмайтыны заңдылық. Қойшы да керек дегендей. Алайда соңғы жылдары 300 мың тенгеге қойшы таба алмаған фермерлерді кездестіріп жүрміз. Бұл қалай? Ата кәсібіміз соншалық ауыр ма, әлде қой бағатын адам жоқ па?

А.Нұрсила: Бұл мәселеден хабарым бар. Адамның табиғаты, мінезі қызық қой. Жақсы жағдайға тез үйренеміз. Жеңіл жұмыс, жан қиналмайтын кәсіп болса, соған бүйрегіміз бұралды да тұралды. Ол құпия емес. Қалаға келіп, жылы пәтерге, жеңіл жұмысқа, тамаша шарт жағдайға тісі бір тиген адам ауылда қой баққысы келуші ме еді? Бұл қалыпты жағдай. Қойшылықты мың жерден ата кәсіп деп, оның құлағына күндіз-түні күйсан да, қаладағы 50 мың тенге айлықты артық көреді. Өйткені қалада бәрі бар ғой. Қылдыратын жер, жақсы жағдай дегендей. Сондықтан пәтер жалдап, аш жүрсе де, қаланы құп көретіндері сол.

Қойшы демекші, дамыған елдерде қойшы мал соңында жүрмейді. Жайылым қоршаулы, қоражай жылы, жайлы. Қойды техникамен айдап, техникамен бағалы. Ауыл шаруашылықтың басқа салалары да сондай жанға жайлы, қолайлы. Бір сөзбен айтқанда, оларда ауыл мен қала, малшы мен қала адамының өмір сүру салтында пәлендей айырмашылық жоқ. Бізде бұл жағы ақсап тұр. Сондықтан жастарымыз ауыл шаруашылығына барғысы келмейді. Қойшыға 300 мың түгілі, одан да көп бер, жағдайы жасалмаған жерде мал бақпайды. Заман солай. Оған ешкімді кінәлай алмаймыз. Алайда қалауын тапқандар қиырдағы қыстауына қаланың жағдайын жасап алып, мыңғыртып мал айдап отыр.

Jas qazaq: Карантин кезінде байқаған бір көріністі айтайын. Қазір жастардың көбі ауылда. Бірақ бәрі бостан босқа сабылып, көшеде салпылдап жүр. Бітірген шаруасы жоқ. Қала тіршілігі ауыл балаларын еңбектен қожыратып, «ауырдың астымен, жеңілдің үстімен» жүретін жанаярға айналдырып жіберген жоқ па?

А.Нұрсила: Жанаярға айналуымыздың басты себебі, яғни бұған кінәлі — қоғам. Мысалы, жеті жастағы бала мен он жеті жастағы бозбаланы



салыстырыңыз. Екеуін үйден шығарып жіберіңіз. Жеті жастағы бала нан таба алмайды. Ал анау бозбала біреуге жалданса да, өмір сүреді. Біздің қоғам дәл сондай. Соңғы жетпіс жыл тоталитарлық режимде күн кешкен қоғам тәуелсіздікке жеткенде, бірден тік тұрып жүріп кетуі қиын. Сондықтан о баста халыққа бағыт-бағдар берілуі керек еді. Біреуіне мақта өндіріп, біреуіне тері, біреуіне жүн өндетіп, қоғамды өндіріске, тіршілікке бейімдеуі керек еді. Бірақ олай болмады. Соның салдарынан әлі айыға алмай отырмыз. Даму стратегиясын қайтадан қарау керек деп ойлаймын. Сонда, сіз айтқандай, жастарымыз бос сандалып жүрмейді.

Бұл тұрғыда біз Оңтүстік Кореядан, Жапония мен Сингапурдан көп нәрсе үйренуіміз керек. Ол елдерде халықтың кәсіп ашуына мемлекеттің ықпалы зор. Бағыт-бағдар да беріп отырады.

Jas qazaq: Қазақ жастарын бизнеске баулып жүрсіз ғой. Жасыратыны жоқ, отыз түгілі, қырықтан асқан жігіттеріміздің дені әлі баспанасыз, үйсіз, күйсіз. Сіздің ойынңызша, бүгінгі қазақ жастары отыз жасқа дейін өз қолы өз аузына жету үшін қандай жұмыс істеп, қандай шаруамен айналысуы керек?

А.Нұрсила: Қазақтың жақсы ма, жаман ба, көнеден келе жатқан бір менталитеті — ата-ана балаға өле-өлгенше көмектеседі. Ал батыста керісінше. Бала 18 жасқа толған соң ата-анасына масыл болмайды. Өз нанын өзі тауып жейді. Өз қотырын өзі қасиды. Ал бізде қырыққа келіп, көрі әке-шешесінің зейнетақысына күнелтіп отырғандар баршылық. Тіпті онысын намыс санамайды. Жылқы екен жылқы да құлының бір жылдан кейін үйірден қуып шығады. Бүркіт балапанын ұядан ұшырған соң қайтып қарамайды.

Ата-анасының мойнына отыру ер жігіт үшін де, қыз үшін де намыс. Осы масылдық психологиядан арылатын кез келді. Олай болмаса, жігіттеріміз боркемік, қыздарымыз күйреуік бола береді. Қазақтың тәрбиесіне өзгеріс енгізіп, яғни бала 18 жастан бастап ата-анаға масыл болмау керек деген психологияны халықтың бойына сіңіргенде ғана жалқаулықтан арылатын боламыз. Сонда кез келген бала 14 жасынан бастап тіршілік етуді, ақша табуды, масыл болмауды өздігінен үйрене бастайтын еді.

Отыз жасқа дейін баспанасы болмаған адамды өз басым адам деп есептемеймін. Суырдың да іні бар. Ал біздің жігіттер отыз жасқа дейін үйсіз жүре береді. «Үкімет үй беруі керек, пәтер беруі керек, мемлекет бағуы керек» деген қоғам қалыптастырған жаман ұғым әлі бар. Соған өбден масыл болып жатып алғанбыз. Одан арылмасақ, қоғам мен мемлекетке масыл болғанымыз болған.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Жарас КЕМЕЛЖАН



Қазіргі таңда археологтар, реставраторлар мен құрылысшылар – ұзын саны 100-ге жуық адам Шымкент кентінің Ескі қалашығындағы аспан асты музейінің құрылысына атсалысып жатыр. ТМД елдерінің мәдени астанасы жылына орай, көне шаһардың 2200 жылдығын мерекелеу қарсаңында бұл музей мегаполистегі көзге көрінерлік көрнекті жерге айналмақ.

ТАРИХИ САРЫН

Заманауи мегаполистің атымен аттас 4,5 гектар аумақты алып жатқан Ескі қалашық қаланың орталығында орын тепкен. Өткен ғасырдың ортасынан бастап археологтар бұл жерде Көне қалашықтың пайда болуы мен дамуына қатысты сауалдарға жауап табу үшін қазба жұмыстарын жүргізіп келеді.

2002-2003 жылдары Ә.Марғұлан атындағы археология институты мен М.Әуезов атындағы ОКМУ-дың бірлескен экспедициясының көмбе заттарды қазып шығару жұмыстарының нәтижесі Шымкенттің тарихи жасы 2200 жыл деген қорытынды жасауға себеп болды. Зерттеулер қаланың біздің заманымызға дейінгі екінші мыңжылдықтан бастау алатын тарихы тым тереңде екенін дәлелдеді. Ескі қалашықтағы мәдени қабаттардың тереңдігі орта есеппен 14 метрге дейін барады. Археологтар ең төменгі қабатынан б.з.д. II ғасырдың басы мен III ғасырдың аяғында жасалған керамика бұйымдарының бөліктерін тапқан.



кузіне жоспарлануда. Оған дейін қалашықтағы жұмыстар толығымен аяқталуы тиіс. Үш гектардай аумақтың аяқталмаған қазба жұмыстарын жалғастыру тек археологтарға ғана рұқсат етілмек. Мерейтойға келетін көптеген туристер мен қала қонақтары қалашықты аралай жүріп, шығыс бөлігінде

Аз сөзбен айтар болсақ, Шымкент – Қазақстандағы өзінің тарихи өзегін сақтап қала алған жалғыз қала. Ескі қалашықта аспан асты музейін салу арқылы еліміздің тарихи мектаныштарының біріне айналдыру туралы шешім қабылданғаннан кейін бұл жерде жұмыс қыз-қыз қайнай түсті.

Археологтардың бірлесе күш салуының арқасында келешек көрнекі жердің сегіз мың шаршы метр аумағында аршу жұмыстары жүргізілуі керек-тін. Сол аралықта XIX ғасырдағы қалалық цитадельдің тарихи қалпын қалпына келтіру үшін реставраторлар да қосылды. Құжат қабырғалар мен мұнара, қырғын кезіндегі және бақылау алаңшалары, кіру есіктерін қайта қалпына келтіруге жол ашты. Ал 2019 жылдың күзінде тарихи жердегі қазба жұмыстарына құрылысшылар да кірісті.

КӨНЕ ҚОРҒАННЫҢ ҚҰПИЯСЫ

Бір жылға жетер-жетпес уақыттың ішінде Ескі қалашықта едәуір өзгерістер орын алыпты. Бұрындары бір уақытта бірнеше жерде қазу жұмыстарына күш салып жатқан археологтардың үш жасағы бұл жердегі басты күш болса, енді тарихты зерттеушілерге реставраторлардың ойын жүзеге асыратын құрылысшылар да қосылды.

Ә.Марғұлан атындағы археология институтының директоры Бауыржан Байтанаев ескі қалашықтың жұмбағын шешумен студент кезінен айналысып келеді. Танымал археолог Бауыржан Байтанаев 2002-2003 жылдары қалашықта жүргізілген экспедицияны басқарғаны мәлім. Сол кезде Шымкенттің 2200 жылдық тарихы бар екені айғақталды. Соңынан экспедиция материалдары ғалымның докторлық диссертациясында көрініс тауып, Шымкенттің тарихы туралы жазған кітаптарының да негізгі мазмұнына айналды. Қазір Б.Байтанаев – қалашықтағы музей ісі жобасының ғылыми кеңесшісі.

Бауыржан БАЙТАНАЕВ, археолог:

«Шымкент қалашығында көптен күткен музей салу ісі басталғанына қуаныштымын. Бұл



менің балам іспетті. Осы тақырыпты зерттеп, зерделеуге көп жыл жұмысқандым. ЮНЕСКО-ның шешімімен қаланың 2200 жылдық тарихи жасының мойындалуы – мен үшін де, мегаполис үшін де өте маңызды қуантарлық оқиға.

2200 жылдық мерейтойымызды тойлау әлемдік пандемияға байланысты осы жылдың



жабылатын болады. Бұл, біріншіден, жайсыз ауа-райынан қорғайды, екіншіден, қалашықтың сәніне сән қосады. Әрі бірнеше ғасыр бұрын кешеннің бұл бөлігі қандай болғанын елестетуге мүмкіндік бермек.

Бекіністің өзінде алғашқы көрме павильоны дайын тұр. Бұл жерге келген туристер қару-жарақ, тиын, киім мен тұрмыстық заттар экспозициясымен таныса

алады. Экспонаттардың қатарында қалашықтағы қазба жұмыстары кезінде табылған артефактілер: әр түрлі кезеңдік ақшалар, қару-жарақтар, ағылшын және француздық оқ-дәрілер, әшекей бұйымдары, сарбаздар мен офицерлердің әскери киімдерінің түймелері, қыш-керамика бұйымдары бар.

Сондай-ақ цитадельден табылған зеңбіректер мен оқ-дәрі де келушілердің назарына ұсынылмақ. Бұдан бөлек, осы жәдігерлерді тек экспозиция залынан ғана емес, қорғаныс қабырғалары мен мұнаралардан да тамашалауға болады.

ЕЖЕЛГІ ШАХРИСТАН

Бекіністі бойлай төмен түскенде пандустың оң жақ қапталында қалашықтың шығыс бөлігімен мұндайды. Бұрын бұл жерде Шахристан тұрғынүйлері болған. Сондай-ақ қорғаныс қабырғалары болған. Олардың қалдықтарын археологтар қазба жұмыстары кезінде тапты. Шахристанның тұрғынүйлері арнайы жабынмен жабылған. Бұл шатыр құрылысты жайсыз ауа-райынан қорғайды және жылдың кез келген маусымында археологиялық жұмыс жүргізуге жағдай жасайды.



Шахристанның тіреуіш қабырғасының арқасында қазір амфитеатрдың құрылысы жүріп жатыр. Ол табиғи шұңғырдың орнынан бой көтереді. Дәл осы жерде Шымкенттің 2200 жылдығына арналған мерекелік іс-шаралардың салтанатты ашылуы болады деп күтілуде. Қалашыққа экскурсия жасап келе жатқанда Оңтүстік қақпаның алдына табан тірейсіз. Ескі қалашыққа қорғаныс қабырғаның бір бөлігі болып табылатын екі мұнара арқылы кіреді. Мұндай мұнаралардың жалпы саны 10 болмақ. Қалашықтың келбеті мұрағатта сақталған суреттер арқылы қалпына келтірілуде. Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау жөніндегі конвенцияға сәйкес, тарихи орынды тұрғызу немесе қалпына келтіруде міндетті түрде тарихи нақтылық сақталуға тиіс. Сондықтан да археологтар мен реставраторлар Ресей әскери-тарихи архивінде сақталған цитадель сызбалары мен Вележев пен Верещагин сияқты суретшілердің мөрі басылып,

1967 жыл деп көрсетілген суреттері сияқты тарихи құжаттарға қарап әрекет етуде.

Жоба авторларының ойынша, қалашықтағы жеті метрлік қорғаныс қабырғалары эстетикалық мақсаттан бөлек, серуен алаңқайы бар айналма галереяның қызметін де атқаратын тәжірибелік мақсатқа қызмет етпек. Цитадельге Әйтеке би көшесі жағынан және құрылысы аяқталған Оңтүстік қақпадан, сондай-ақ Ескі шаһар жактан да кіруге болады. 120 құрылысшы қазан айынан бері осында еңбек етуде. Бірақ атқарылар жұмыс әлі де көп.

ДӘУІРЛЕР ТОҒЫСЫ

Археологтарда да бұрынғысынша жұмыс жетіп артылады. «Археологиялық сараптама» ЖШС-нің өкілі, тарихшы Владимир Бычков шығыс қорғаныс қамалы аумағында бір жарым жылдан бері жұмыс істеп келеді. Қазба жұмыстарының бас кезінде оның тобы цитадельде тер төкті. Іздеу жұмыстары барысында шым қатпарды ашқан уақытта археологтар қазармалық бөлімшенің іздерін тапқан. Қазындылар ақырындап бірігіп, бүгінгі күні Шахристанның шығыс бөлігі мен цитадель толығымен аршылды. Тарихи орынның басты құндылығы – оның көп қатпарлы екендігінде.

Владимир БЫЧКОВ, тарихшы:

«Бұл жерде біз бірнеше мәдени қабатты көреміз. Жоғарғы қабырға – бұл XVIII ғасыр аяғы – XIX ғасыр басы. Ал сол төменіректе XVI ғасыр. Мегаполис үшін – бұл қайталанбайтын дара құбылыс. Өйткені келуші туристер архитектуралық нысандар арқылы дәуірлер айырмашылығын көре алады. Біз әр түрлі құрылыс көкжиегін зерттеудеміз. Қазір олардың саны екеу, бірақ, одан да көп болуы мүмкін. Бұл жерге келген адам тек тарихты ғана түгендемейді, сәулет пен құрылыстың тұр-түрімен танысады. Әр мәдени қабаттың



құрылысы әр алуан. Бір-біріне ұқсамайды. Егер мына бір жері кірпіштен қаласа, басқа жерінде сұйық саз кәсегімен құйылған. Мұндай түрлі-түрлі кезеңді қамтитын мәдени қатпар ескерткіштің өзіне айрықша қызығушылық туғызары сөзсіз. Бірнеше мәдени қатпардың болғаны табылған артефактілер арқылы да расталып отыр. Бізде әр алуан кезеңді қамтитын ақшалар көп. Әр түрлі уақытта қоқан және бұхар кезеңінің, Қазақ хандығының тиындары табылды. Қатпарларды аршу кезінде, тіпті Алтын Орда империясы дәуіріндегі тиындар қолға түсті. Бұл жерде әр түрлі кезеңді қамтитын барлығы екі жүзден астам бақыр табылды. Сондай-ақ ағылшын және француз оқтары, мергендердің ұштығы, түрлі керамикаларды да тауып алдық».

Владимир Бычков

бастаған жұмыс тобының түрлі құрылыс қабаттарын зерттеу жұмыстары әлі де жалғасуда. Арнайы жасалған бастырманың арқасында ол жұмыс қыстығын де тоқтаған емес. Әлбетте, ол кезде археологтар үш-алтыға бөлініп, қазындыларды өте мұқият аршыған-ды. Ежелгі құрылыстарға зиян келтірмес үшін, зерттеушілерге бар болғаны екі-үш сантиметр топырақты қыстырғышпен абайлап қазуға тура келді.

Археолог Бауыржан Байтанаев: «Мұндай көпқабатты ескерткіш – музей саласында қайталанбас орын. Оның



жақын және алыс шетелдерден келген туристерге қызықты болатынына сенімдімін. Қазақстанда мұндай тарихи жерлер көп емес, біздің жағдайымызда Шымкенттегі Ескі қалашық мегаполистің көрнекті жерлерінің бірегейі болмақ», – дейді.

Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы



Халқымызда: «Отан – отбасынан басталады» деген тамаша сөз бар. Ол отбасын құрған екі жастың ұлты, тілі, ділі мен дініне қарай өлшенбейді. Егер отбасындағы тәрбие береке, бірлік, адамгершілік, сыйластыққа сүйенсе, оның діңі берік, болашағы жарқын болады. Аймағымызда осындай көпұлтты отбасының пейілі мен кеңдігін танытып жүрген Олеся Теннің әңгімесін тыңдап отырып, осындай ойға келдім.



ОТБАСЫМ – ТАУСЫЛМАС БАЙЛЫҒЫМ

Өткен ғасырда еліміз жатжұрттан қоныс аударған басқа ұлттардың осында тұрақтап, тыныс тапқан мекеніне айналғанын бәріміз білеміз. Содан бері қазақ жерінде түрлі ұлт өкілдері бірі-бірімен тығыз араласып, өзара түсінісіп, отбасын құрып, келешегін кемелдендіруге белсенді түрде атсалысып келеді. Біздің кейіпкеріміз Олеся Теннің отбасы да дарқан елдің кеңпейілділігіне бөленгендердің бірі.

— Менің көпұлтты отбасымның тарихы өткен жүзжылдықта бастау алды. Бұл өзбек жігітінің орыс қызына ғашық болуынан басталды. Олар үйленгеннен кейін, келіншегі қосағының тегін алып қана қоймай, барлық мұсылмандық дәстүр мен әдет-ғұрыпты құрметпен қабылдады. Өз кезегінде, отағасы да орыс халқының дәстүрі мен мерекелерін құрметтеді. Біз осындай отбасында ынтымақ пен береке,

тығыз татулық, төзімділік пен бірлікті үлгі етіп өстік. Әкем бала кезімізде бізге барлық ұлт өкілдерінің терезесі тең екенін және достықта адамның нәсілі мен түр-тұрпатының маңызды емес екендігін түсіндірді. Сондықтан біз барлық ұлт өкілдерімен тең дәрежеде араласып, достасып, сырласып өстік. Бұл тіпті өмірлік қағидамызға айналды, — дейді ол.

Еліміз егемендік алғаннан кейін, әр ұлт пен ұлыстың қарым-қатынасын реттеу, олардың өз дінін, тілін сақтау үшін Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылғаны мәлім. Жастық шағы осындай кезенте дөп келген Олеся осы бір тың үрдіске өз үлесін қосуға тырысты. Ол әрбір күнін Достық үйінің қабырғасында өткізді. Концерттерде өнер көрсетті, концертстарға қатысты, мемлекеттік тілді үйренді. Осы таппыныстары арқылы өзінің Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін

білдіруге тырысты. Бұл бағытта көп жетістікке жетіп, айналасындағаларға үлгі болды.

Олеся 25 жасында кәріс жігітіне тұрмысқа шықты. Қазір Радмир атты ұлы өсіп келеді. Ата-анасы ақылды да білімді немересін мақтан тұтады. Бірнеше ұлттын басы қосылған бұл отбасында өзара келісім мен түсіністік орнаған. Ас үйдегі уақытын бірге өткізіп, қазақша ет асып, өзбектің палауын, кәрістің куksiін дайындайды. Ал отбасылық мейрамдарын нағыз ұлттық фестиваль деуге болады. Дастархандағы түрлі ұлт тағамдарын былай қойғанда, қонақтар қазақтың «Қара жорғасын» да, өзбектің де биін билеп, «Калинканы» шырқайды, кәрістің музыкасын тыңдайды.

Жалпы Олесяның отбасындағы тыныс-тіршіліктен жүздеген ұлтты бауырына басып, оларды бөліп-жармай, бәріне бірдей құрмет көрсетіп, өзара өркендетіп отырған еліміздің тұтас болмысын көруге болады.

Еліміздегі сан қилы ұлттың достықты қадірлеуі, бірлікке ұмтылуы, өзара сенім мен келісім орнатуы, міне, осының бәрі Олесяның отбасында айқын көрініс тапқан. Еліміздегі түрлі этнос өкілдері бір шаңырақ астында қалай тұрса, оның отбасы да дәл сондай береке-бірліктің шырағын жарқырата жағып келеді.

Дәл осы құндылықтарды еске алғанда, жер бетінде Қазақстандай жұмақ мекен жоқ шығар деп ойлайсың. Бәлкім, біздің еліміздегі тыныштық пен бейбітшіліктің бастауы да осындай жарасымдылықтан туындайтын болар. Сондықтан Олеся баласына үнемі еліміздегі Қазақстан халқы Ассамблеясының игі істерін, жарқын келешегі туралы айтып отырады. «Балапан ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, Радмир ертен ержеткенде, осы бір ізгі дәстүрді әрмен қарай жалғастыратынына күмән жоқ.

БІР ӘКЕНІҢ БАЛАЛАРЫ

Жаркент жері — бейбітшілік пен келісімді тұғыр еткен 42-ден астам этнос өкілдерінің ортақ тіршілік етіп жатқан құтты мекені. Олардың арғы ата-бабалары осы берекелі жерден бақытын да, отбасын да тапты. Жергілікті тұрғындармен егістікте, бау-бақшада және фермаларда еңбек етті. Еркіндік пен тәуелсіздік үшін күресіп, егемен Қазақстанның өркендеуіне қомақты үлес қосты.

Панфилов ауданындағы этномәдени бірлестіктердің өмірі қызықты да көңіл қонштыерлік. Олар бір үлкен отбасының мүшелері ретінде мемлекеттік және ұлттық мерекелерді атап өтеді. Бір-біріне көмектесіп, қолдау көрсетеді. Әрбір этнос басқа халықтардың тарихына, өзіндік мәдениетіне құрметпен қарайды, ата-бабалардың мәдени мұрасын ұрпақтарға жеткізуге ұмтылады. Ауданның бастамашыл этномәдени бірлестіктерінің бірі ретінде дүнген этномәдени орталығын айрықша айтуға болады.

Ел аумағында шамамен 50 мың дүнген тұрады. Олардың басым бөлігі — Жамбыл және Алматы облыстарында. Панфилов ауданында қала мен ауданның қоғамдық және мәдени өміріне белсенді қатысатын 155-тен астам дүнген отбасы бар. Бірде-бір салтанат дүнген әндері мен әдімі билерінсіз, сондай-ақ цомян, гуру, суру, сюоюжоу, гоюжоу ламян (*лагман*), манпар, томомо, санзы, жин момо, хошо, гянфан, дапянжин, люмя, бозы (*манты*) сияқты ұлттық тағамдарынсыз өтпейді. Италиян спагеттін белгілі саяхатшы Марко Полоның үйретуімен осы өңірге таралғанын біреу білсе, біреу білмейді. Айтпақшы, бұл тағамды дайындаудың 500-ден астам жолы бар.

Дүнген қоғамы республика аумағында тұратын барлық халық сияқты, Қазақстанның экономикасын, мәдениетін, өнерін, ғылымын, білімін,

денсаулық сақтау саласы мен спортын дамытуға қомақты үлес қосуда. Панфилов ауданындағы дүнген диаспорасының қаймағы деп өз ісінің нағыз мамандары Закир Хахазов, Сарди Дифу, Закир Хизиров, Тұрсын Хизиров, Закир Исмазов, Ибрагим Даузов, Кәрім Сасазов, Халима Дифу, Фаина Хахазова, Роза Янь-ю, Рехангүл Ласиева, Фарида Сүлейменова және тағы басқаларды айтуға болады.

— Бір шаңырақ астында тұрып, бір-бірімізді құрметтейміз, мемлекетіміз үшін еңбек етіп жатырмыз, — дейді кәсіпкер Закир Исмазов.

Басқа халықтың тілін білмей, оның мәдениетін, дәстүрін түсіну қиын. Жаркент жерін мекен еткен дүнгендер қазақ, ұйғыр, славян және басқа да халықтардың тілін, салт-дәстүрін және мәдениетін білу парызымыз деп санайды. Дүнген ұлты «Сан жың ха йи шин — хуон ту баянчын жин» деген халық даналығын өсте ұмытпайды. Қазақшаласак, бұл «үш адам біріксе, сары топырақ алтын болады» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан олар күш бірлікте екендігін және осы ұлылық тек өзге этнос өкілдерімен бірлесе тіршілік еткенде ғана табысқа кенелтетінін жақсы біледі. Бұл — келісім мен бейбітшілікті ту еткен Қазақстан халқы Ассамблеясы ізгі идеяларының жемісі екені сөзсіз.



Сондықтан ата-анасымен бірге аға-інілері де, апа-қарындастары да жұмыс істеді. Ол отбасына көмектесу үшін бала кезінен наубайханада еңбек етті, шаруашылық немесе кез келген қара жұмысты әлі жеткенше орындап жүрді.

Тұрмыс қиындап, жұмыссыздық көбейген тұста, яғни 1999 жылдары жұмыс іздеп өзге елге кетуге мәжбүр болды. Тахиаташта бірге жұмыс істеген достары көрші Қазақстанды тандады. Бірнеше

орналасты. Сол жерде болашақ жұбайы, қазақ қызы Розамен танысты. Бастапқыда бірі-бірімен түсініспей жүрді. Дегенмен бірнеше жыл өткен соң екеуі шаңырақ құрды.

Десе де, Алтыбай әулеті мен Розаның ата-анасы қыздарының тандауына қосылмады. Әйтсе де, ішімдікті аузына да алмайтын, шылым шекпейтін, артық ауыз сөзі жоқ, жұмыстың қандай түрін де дөңгелетіп әкететін жігіт Розаның ата-анасының көңілінен шығыпты.

Бүгінде Аразовтар отбасында Айша, Мұхаммед және Кадиш деген үш перзент өсіп келеді. Іле ауданының жана шағын елді мекенінен жер телімін алып, үй тұрғызды. Жарық, су, табиғи газбен қамтылған. Шағын үйлерінде мал мен құс өсіретін қоралары, нан пісіретін наубайханалары бар. Ауласына түрлі көкөніс және жеміс ағаштарын өсіріп, оның да игілігін көріп отыр.

Көрші-қолан, ауылдастарымен

БЕРЕКЕ-БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН

Бұл кейіпкеріміз Қарақалпақстанда дүниеге келген. Кейін ата-анасымен бірге Түркіменстанның Кіші Тахияташ қалашығында тұрды. Құрылысшылар үшін салынған бұл қалаға ата-анасы жұмыс бабымен өткен ғасырдың 50-жылдары көшіп келді. Кеңес заманында ол шекара шебінде тұрған әкімшілік елді мекен еді. Тахияташта өзбектер, түркімендер, қарақалпақтар, қазақтар, тәжіктер, орыстар, кәрістер қоныстанып, тату-тәтті өмір сүрді.

Ол алты ұл, бес қыз өсірген үлкен отбасынан шыққан. Ата-анасы қарапайым жұмысшылар еді. Тәулік бойы бетон зауытындағы цехта жұмыс істейтін. Жастық дәуірі Кеңес одағының құлдырауы, экономикалық байланыстардың үзіліп, жұмыссыздық белең алған дәуірімен тұспа-тұс келді.



жас дорбасын арқалап, Алматыға жол тартты. Бірақ ол кезде нарықтық экономикаға бет бұрған Қазақстанның да жағдайы мәз емес еді. Алматыға табан тіреген бұлардың жұмыс

тандауға шамасы да болған жоқ. Бірнеше жыл қоймаларда зат тасыды. Құрылыста жұмыс істеді. Бірақ еш өкінбеді. Ең бастысы, үлкен қалада ішер ас пен үй жалдауға жеткілікті ақша табуға болатын. 2006 жылы қаладағы бір наубайханаға

киін күндер өтті ғой. Ұжымдастыру, құғын-сүргін кезінде туған жерінен еріксіз айырылған қазақтар Өзбекстанға, Қарақалпақстанға, Түркіменстанға ауып, сол жақта жан сақтады. Сол кезде түркімендер қазақтың талай қарақөзіне пана болып еді. Енді, міне, қасиетті қазақ жері солардың ұрпақтарының келешегін жалғауға өз септігін тигізуде.

Ол өз тамырын ұмытпай, өткен жылы Тахияташка отбасын апарып келді. Мүмкіндігіне қарай, Алматыдағы Қазақстан түрікмендерінің республикалық этномәдени қоғамының қызметіне қатысады. Сол арқылы елдегі ұлттар достығының нығаюына өзіндік үлес қосуда.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Игілік

Елімізде кейінгі жылдары ірі өндірістер бой көтеріп, кәсіпкерлік саласы өркендеп, тұрғындардың тұрмыс деңгейі көтеріле түсті. Әрине, бұл бір жағынан мемлекеттік бағдарламаларды қолдаудың, екінші жағынан отандастарымыздың құлшына еңбек етуінің арқасында. Еліміздегі өзге ұлт өкілдерінің де экономикамыздың нығаюына үлкен септігі тиіп жатыр. Міне, осындай Қазақстан халқының ортақ Отанын гүлдендіру жолындағы игілікті ісінің белгісі болған тамаша жаңалық Талдықорғанда өтті.

арасында кәсіпкерлер мен инвесторлар көп. Бүгін біз бірлесіп «Талдықорған» индустриалды аймағында майлы дақылдар өңдеп, өсімдік майын шығаратын «Жетісу-Мажико» зауытын іске қосып отырмыз. Инвесторларға зор алғыс айтамын. Біз өз тарапымыздан индустриалды аймақ құрып, оны қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз еттік. Жалпы мемлекет қолдауының және қабылданған шаралардың арқасында өткен жылы Алматы облысының өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 1 триллион теңгеге жуықтады. Біз бәріміз бірлесіп Елбасының басты тапсырмаларын, Тұңғыш Президентіміздің сара жолын жалғастырып жатқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жүктеген міндеттерін орындау мақсатында жұмыс істеп келеміз. Бұл жұмыстар инвестиция тартуға, жаңа технологиямен жұмыс істейтін заманауи өндіріс орындарын ашуға, жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталған. Бүгінгі ашылып отырған зауыт — соның айқын айғағы.

БІРЛІГІ БАР МЕКЕННІҢ ТІРЛІГІ БАР



1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні Алматы облысының орталығы Талдықорған қаласында тағы бір жана өндіріс, «Талдықорған» индустриалды аймағындағы «Агрокомплекс Жетісу Мажико» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің майлы дақылдарды қайта өңдеу зауыты ашылды. Оған Сергей Терешенко, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, белгілі кәсіпкер Темірхан Досмұхаметов, Алматы облысының әкімі Амандық Баталов, облыстық мәслихаттың Құрметті депутаты, белгілі кәсіпкер Үсейін Қасанов, тағы да басқа елімізге танымал тұлғалар, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері қатысты. Өндіріс орны еліміздегі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы аясында жүзеге асып отыр.

Аталмыш өндіріс орнының бой көтеруіне елге танымал қоғам қайраткері, Еңбек ері Сергей Терешенконың үлкен қолдау танытқанын айта кеткен жөн. Ол өзінің сөйлеген сөзінде:

— Осындай игілікті істер кашанда ел өркенін өсіреді. Бұл ретте Жетісу жеріндегі мемлекеттік бағдарламалардың сәтті жүзеге асырылып жатқанын жоғары бағалаймын. Сондай-ақ өздеріңіз күй болған өндіріс орнын салу үшін Талдықорғандағы индустриалды аймақтан жер телімін беріп, жарық, жылу, су желілерін тартып, қолдау танытқан облыс әкімі Амандық Баталов бастаған жетісулықтарға алғысым шексіз. Осындай

Алматы облысына алғаш әкім болып тағайындалған соң бірінші кезекте еліміздегі танымал кәсіпкерлермен бас қосып, өңірге инвестиция тартып, бірлесе жұмыс істеу туралы ұсыныс айтып едім. Сол кезде елімізге белгілі тұлға Сергей Терешенко мырза мен кәсіпкер Темірхан Досмұхаметов үлкен қолдау танытты. Нәтижесінде, кейінгі жылдары ірі кәсіпкерлер облысымызға инвестиция құйып, зауыттар ашып, аймақтың әлеуетін көтеруге серпін берді. Айталық, «Лукойл» зауыты, күн қуатынан қуаттанатын электр стансасы, «Марево фуд» ЖШС, бәрі осындай игіліктің нәтижесінде жүзеге асты. Міне, бүгін облысымызда ең керекті агроөндіріс орны ашылды. Біз инвесторларға берген уәдемізде тұрдық. Олар бәрін жасап жатыр, — деді.

Алматы облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының ақпараты бойынша, облыста 2020-2026 жылдары аралығында 240-тан астам инвестициялық жоба жүзеге асырылмақшы. Бұл кәсіпкерлердің ынтыасы Жетісу жеріне ауғанын көрсетеді. Оның біркараты биыл ел игілігіне беріледі. Аймағымыздағы осындай жоспарлы жұмыстарды белгілі кәсіпкер Темірхан Досмұхаметов та жоғары бағалады.

Ол «Осындай біраз жыл бұрын облыстағы, әсіресе, Талдықорған қаласындағы жағдай басқаша еді. Ірі өндіріс орны аз, қала құрылысы өркениеттен айырылып қалған-тұғын. Міне, бүгін облыс басшылығының тынымсыз еңбегінің нәтижесінде жыл сайын



қолдаудың арқасында біз жоспарлаған уақытта зауыт құрылысын бітіріп, елге игілік әкелетін ірі өндірісті іске қостық, — деді.

Жетісу жері аграрлы аймақ саналушы еді. Кейінгі жылдары ірі өндірістер бірінен кейін бірі бой көтеріп, индустриалды әлеуетімізді көтере түсті. Осылайша облысымыз бірте-бірте аграрлық-индустриалдық аймаққа айналып келеді. Бұл туралы облыс әкімі Амандық Баталов та айтып өтті: «Біз жетістіктеріміздің барлығына береке-бірлігіміздің, татулығымыздың арқасында қол жеткіздік. Алматы облысында 100-ден астам этнос өкілдері тұрады және олардың әрқайсысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына айрықша үлес қосуда. Олардың

Жетісу жерінде ірі өндірістер іске қосылып, тұрғындарға жұмыс орындары ашылуа. Облыс орталығы еліміздегі ең таза, ең әдемі қалалардың бірі атанды. Өндірісі өркендеген аймақтың орталығына айналып келеді. Сондай-ақ Талдықорған индустриалды аймағына инвестиция салуға ынталы инвесторға жасалатын қолдау әрбір кәсіпкерді баурайтыны анық. Жетісу жері сан ұлттың өкілі береке-берлікте өмір сүрген Жерұйық мекенге айналды. Бүгінгі шара соның айғағы, осындай игіліктер жалғасы берсін дегім келеді», — деп атап өтті.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Елімізде 130-дан астам ұлттың өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүруде. Әсіресе, Жетісу өңірі – ұлтаралық келісім мен тұрақтылықтың нағыз үлгісіне айналды десек, қателеспейміз. Біз Алматы облысына қарасты Іле ауданының мәслихат депутаты, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының (ҚХА) мүшесі Роза Михайлқызы Әбіловамен береке-бірлік төңірегінде әңгіме-дүкен құрдық.

Жас qazaq: Роза Михайлқызы, Іле ауданы көп ұлттың басын қосқан мекен. Аудандағы түрлі этностардың бір-бірімен тату-тәтті өмір сүруінің сыры неде деп ойлайсыз?

халқы Ассамблеясы маңызды рөл атқаралы. ҚХА басты міндеті мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыру, еліміздегі қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекеттік және азаматтық қоғам институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру болып табылады.

Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші

орталықтардың, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеттері, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын, және дамуын қамтамасыз етеді.

Ал Іле ауданында қоғамдық келісім кеңесі құрылған. Төрағасы Саид Тимурович Чатуев — аудандық маслихаттың депутаты, «Күрд этномәдени орталығының» төрағасы. Кент және әр ауылдық округтерінен жастар, аналар кеңесі, өзге ұлт өкілдері мүшелікке тартылған. Әр ай сайын жоспармен бекітілген «Қайырымдылық керуені» атты іс шаралар өткізілуде.

Жас qazaq: Іле ауданындағы этномәдени орталықтардың қоғамдағы белсенділігі қандай?

Р.Әбілова: Жоғарыда айтып өткендей, Іле ауданында 34 ұлт өкілі тұрады. 4 этномәдени орталық бар. Олар — орыс этномәдени



Роза ӘБИЛОВА:

«ЫНТЫМАҚТЫ ЕЛДЕ – КҮНШУАҚ»

Р.Әбілова: Халқымыздың үлкен тарихы отбасынан, туған жердің тарихынан бастау алады. Кең байтақ Қазақстанымыздың әртүрлі шалғай жатқан аймақтарынан елін, жерін танытатын немесе сол мекенде елеулі еңбек етіп, тумаса да туған төл перзентіндей болған азаматтар сол өлкенің мақтанышы болатыны дәлелдеуді қажетсінбейтін құбылыс. Ендеше еліміздің төл тарихынан өзіндік орын алатын Іле ауданының маңызы ерекше. Мұнда 34-тен астам ұлт өкілдері өмір сүріп жатыр.

«Игілік басы — ынтымақ, ынтымақты елде — күншұақ» дегендей, Іле ауданының халқы барлық мерекені әр ұлт өкілдерімен туған бауырындай бірлесіп қарсы алады. Оның дәлелі аудан экономикасының өрлеп, бюджет түсімдерінің ұлғаюы, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және әлеуметтік салаларда он өзгерістердің орын алуы. Бұл жетістіктерге ауданда тұратын отыздан астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің тату-тәтті тірлігінің арқасында қол жеткізіп отырмыз. Ауданда этномәдени бірлестіктер мен конфессиялар арасында тығыз қарым-қатынас орнату, этномәдени бірлестіктермен жұмысты ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Конституциясындағы «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан халқы Ассамблеясының тұжырымдамасы, ережесі және т.б. нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асуда. Түрлі этнос өкілдерінің бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүруінің басты сыры — еліміздің әрбір азаматының Отанына деген сүйіспеншілігі дер едім. Өйткені Қазақстан — біздің Отанымыз. «Отан — оттан да ыстық» демекші, біздің ата-бабаларымыз бір шаңырақтың астында тату өмір сүрді. Бұл береке-бірлік ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді.

Жас qazaq: Еліміздегі түрлі ұлттардың бірлігін сақтауда Қазақстан халқы Ассамблеясының маңызы зор. Ассамблеяның басты мақсаты мен міндеттері Іле ауданында қалай жүзеге асып жатыр?

Р.Әбілова: Қазақстандық бірліктің бірегей моделін қалыптастыруда Қазақстан

жылдығына арналған Қазақстан халықтарының форумында айтты. 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясын Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган мәртебесімен құру туралы Президенттің Жарлығы шықты.

2007 жылдың мамыр айында Қазақстанның Конституциясына бірқатар өзгерістер енгізілді. Қазақстан халқы Ассамблеясына конституциялық мәртебе берілді, ол ҚР Парламенті Мәжілісіне тоғыз депутат сайлау құқығына ие болды. Осы арқылы Ассамблеяның қоғамдық-саяси рөлі айтарлықтай артты.

2008 жылғы 20 қаңтарда Президент «Қазақстан халқы Ассамблеясы» туралы әлемде баламасы жоқ заңға қол қойды. ҚХА еліміздің саяси жүйесінің толыққанды субъектісіне айналды. Оның қызметінің нормативтік-құқықтық негіздері айқындалды.

Бүгінде Ассамблея этносаралық келісімді, қоғамдағы толеранттылықты және халық бірлігін одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасауға септігін тигізеді. Сонымен қатар, ҚХА мемлекеттік органдарға экстремизм мен радикализм көріністеріне қарсы әрекет етуге, азаматтардың демократия талаптарына негізделген саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыруға көмек көрсетеді. Ассамблея этномәдени бірлестіктердің күш біріктіруін қамтамасыз етеді, этномәдени

орталығы, «Т.Шевченко атындағы Просвита Жетісу» украин этномәдени бірлестігі қоғамдық бірлестігінің Іле аудандық филиалы, «Қазақстандағы ұйғырлардың республикалық мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің Іле аудандық филиалы, Күрд этномәдени орталығы. Олардың барлығы әр түрлі салаларда еңбек етіп, аудан экономикасына қомақты үлес қосады. Ең алдымен елімізге деген адалдық пен сүйіспеншілік, бір-біріне деген жақсы қарым-қатынас, достық және тұрақтылық олардың ынтымағын арттыруда. Күрд диаспорасының өкілі Сакият Чатуев, ұйғыр диаспорасының өкілі Игнат Ваитов және Украин диаспорасының өкілдері Александр Скоропадский мен Михаил Кошалко — аудандық мәслихат депутаттары. Бұлар — аудан тіршілігін жақсартуға, ұлтаралық келісімді нығайтуға атсалысатын жандар.

Көптеген ұлттың ортақ шаңырағына айналған байтақ Қазақстан — бейбітшілік пен келісім арқылы әлемге үлгі. Бірлік пен тірлік ұштасқан, татулық пен тыныштық қалыптасқан елде береке мол. Сондықтан да біздің елімізде ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында мемлекетіміздің маңдайы жарқын, мәртебесі жоғары.

Еліміз аман, іргеміз берік болсын. Достығымыз нығая берсін!

Сұхбаттасқан
Макпал
НОҒАЙБАЕВА

Зейнолла Сәніктің 85 жылдығына орай

Адам баласының өмірде арқалаған жүгі тым ауыр тәрізді көрінеді... Айтып тауыса алмайтын, атқарсаң ұшы-қиыры жоқтай... Дәй тұрғанмен, соның бәрін санаңмен саралап көрсең, бір ғана түйінге жинақталады екен. Ол түйін – парасатты адам болып ғұмыр кешу!

Алла Тағала негізгі міндет-борыштарымызды арқалатып, күллі жаратылыстан озық сана беріп, түр беріп, тіл беріп абзал етті. Құдайдың күткеніндей, нұрлы күйімізден айнымауды сақтай білуді пендесіне мәңгілікке парыз етті. Ал өнерлі болуың, бай-бардам болуың, шенді-шекпенді болуың, алар сыбаған, асар асуың... бәрінің тереңіне үніле қарасак, олар сынаққа берілген, өлшеуіш таразы секілді нәрселер екенін ұғасын. Адам болып туған соң адамша есейіп, адамша тіршілік кешіп, діттеген жерден табылып, «адамзаттың бәрін бауырым деп сүйе алатындай» өлшемге жету екінің бірінін қолынан келе бермейтін секілді. Оның үдесінен шығатындар санаулы-ақ болса керек.

Бұлай деуімізге бізді жеткізген ой-пікір — Зейнолла Сәніктің өмірі мен шығармашылық жолы. Қаламгердің қажыр-қайраты, ақыл-парасаты, болмыс-бітімі біз іздеген нұрлы адамдардың бірі екенін көрсетеді. Неге десеніз, мынау қым-қуыт заманда өзін сақтай білу, адасып кетпей адымдап алға тарту таңдаулылардың ғана тағдырына жазылғандай. Кейбіреуге қарасаң, тарыдай талантымен тауды қопарардай, теңізді қотарардай даланы шандатып, дақпыртымен даңғаз етеді. Шілдеде үсік түсіріп, тамызда қар боратып, елдің

Кейбір адам жүрген жүрісімен, айтқан сөзімен, нұрлы келбет көркімен кісіні қарыздар етіп, борышқа буып тастайтындай! Ондай адамның бір қажетіне жарағын келіп, қасынан табылғың келіп тұратыны тағы бар. Зиялы дегеннің төркіні де сол ортасын жарықтандырып жүру болса керек! Сонымен біз іздеген адамға тән басты белгіні таптық. Енді одан ары қарай оның адам баласына жасаған еңбегі мен ұлтқа көрсеткен көмегі қалай екен дегенге келер болсак, аз-кем үніліп көрелік.

сабырға жөндіріп, әр жерде көзқарасын айтып, жоғымызды түгендесіп, жоғалып табылған мәдениетімізді қорғады. Баспасөзде мақала жазып шыр-пыр болды. Мінеки, соған дәлел, қолымдағы мақаласы.

Сол тұста өз қолымен он бет материалын жазып әкеліп, маған тапсырды (*2011 жылғы 10 қаңтар, Алматы*). Сол күйі мақаланың түпнұсқасы менде сақтаулы тұр.

аталған тауға шығып, тас үңгірде отырып жырдың алғашқы шумақтарын бастаған едім. Толғауымнан хабар болған Зейнолла аға, қасында Төкен Байболатұлы бар, мені іздеп келіп, Жазушылар одағында танысқан болатын. Кейін менің сол толғауым ағаның «Қабанбай шоқысы» атты көлемді мақаласымен бірге «Әдебиет айдыны» газетінде басылды. Біз осылайша шығармашылық бірлестікте тығыз қарым-қатынаста болып едік...

Жазушының Қытайда басылған «Басбай» романы, «Қазақ этнографиясы» қатарлы көптеген кітаптарынан өзге Қазақстанда да бірнеше құнды еңбектері оқырман қауымға жол тартты. Атап айтар болсак, «Хан батыр Қабанбай», «Тұғырыл хан», «Сергелден», «Сүлеймен би» секілді еңбектері оқырмандардың ыстық ықыласына бөленді. Бұлардың бәрі дерлік тарихи тақырыпқа арналған азулы дүниелер.

Ол өзінің саналы өмірін қазақтың игілігіне арнады. Ғұмыр бойы үйренумен, зерттеумен шұғылданды деуге болады. Қытайдағы жан түршігерлік

ҰМЫТ БОЛҒАН ҰЛТЫҚ ОЙЫНДАР

«Құлақ пен мұрын». Құлақ пен мұрын табу — күлдіргі жаңылтпаш ойындардың бірі. Құлақ пен мұрынды тауып ұстау ойынына қатысушылар екі топқа бөлініп, қарама-қарсы отырады да, бір жағы бір шетінен бастап ойынды бастайды. Бірінші рет шапалағын ұрып, екі айкастырып оң қолымен — сол құлағын, сол қолымен мұрынның ұстайды да, қайта шапалағын ұрып, оң қолымен — мұрын, сол қолымен оң құлағын ұстап, осылайша тез екі қолды қайшылап, құлақ пен мұрынды жаңылмай тауып ұстау керек. Егер жаңылып қалса, ұтылған болып, өзі бір өнер көрсетіп береді де, кезекті қарсы жаққа өткізеді. Жаңылмаса, кезекті өзінің серігіне береді. Қарама-қарсы екі жақ ойынды жалғасты ойнап, ең соңында қайсы жақта жаңылушы ең көп болса, сол жағы ұтылған болып есептеліп, ұжымдасып өнер көрсетеді. Болмаса ұтылған жақтың жаңылушыларын ұтқан жақ өткізіп алады да, ойынды қайта бастап, қалғандарымен ойнайды.

«Ине жасырмақ». Жастардың бас қосуында, көбінде үйде ойналатын ойын. Қажетті бұйымдар: ине, домбыра. Ойыншылар, ең алдымен, бастаушыны сайлайды. Ол төртпіт бақылайды, домбыра немесе басқа музыкалық аспапта ойнайтын кісіні табады. Ойын ережесін түсіндіріп, екі ойыншыны тандайды. Ойыншының біреуі бөлмеден шығып кетеді де, үйде қалған екіншісі инені өз бойындағы киіміне жасырады немесе басқа біреуге береді. Бастаушының белгісі бойынша үйге қайта оралған іздеуші инені ойынға қатысушылардың жағасынан, бас киімінен іздей бастайды. Іздеуді жеңілдету үшін ине жасырушы домбыра ойнап отырады. Егер іздеуші нысанаға жақындай түссе, домбыра үні күмбірлей жөнеледі. Ал нысана тұсынан өтіп кетсе, домбыра үні бәсеңдей қалады. Сол домбыраның үнін тыңдау арқылы іздеуші инені табуға ұмтылады. Инені жақсылап жасыра алмаған адам ән салып, өнер көрсетеді. Ал керісінше, іздеуші таба алмаса, өзі өнер көрсетуге міндетті.

«Алтын қабақ». Садақ тартқыш жігіттердің бәсеке ойыны. Ойын максаты — жебені тез және дәл тигізу. Үлкен той мен ас беру кезінде өткізіледі. Бұл ойынның жаюу не атүстінен сырық басындағы теңгені, жоғары лақтырылған бөрікті ату немесе шауып келе жатып нысанаға тигізу сияқты бірнеше түрі бар. Бұл спорт ойыны жастарды мергендік пен шапшаңдыққа баулиды.

(Зейнолла Сәнік, көптомдық шығармалар жинағы, 7-том)

ПАРАСАТ



берекесін алады. Тілімен тікен қадап, көзінен жебе атылып, бетінен без бедірейеді. Сондай ортаны көп көрген біздер Зейнолла Сәнікті көргенде қыстан көктемге шыққандай, түннен жарық таңға жеткендей қуанғанымыз шындық.

Жазушы, этнограф, тарихшы, зерттеуші-ғалым Зейнолла Сәнік қазақ әдебиеті мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосты. Ол кісі Құдайдың берген таланты мен парасатына сүйене отырып, көптеген салаға қалам сілтеді. Қазақтың қайнаған ортасында өмір сүруі, көпті көріп, басынан ыстық-суықтың молынан өтуі айтарын жеріне жеткізіп,

«...Солайда қазақ арасында бұл қазақтың биі емес дейтін кейбір бөде пікірлер де таралып жүр. Осыған орай Қытайда жарық көрген «Қазақ этнографиясы» атты көлемді оқулық кітабымда «қара» сөзінің этимологиясы және «Қара жорға» биі туралы берген түсініктемемізден үзінді келтіре кетуді жөн көрдік» дей келіп, дәлелдері мен дәйектерін алға тартады. Бірімізді екеу ете алмай отырғанда, барымызды мансұқтаған білгіштерге тойтарыс жасап, тоқтамаға шақырады.

Зейнолла аға екеуіміздің келесі бір әңгімеміз «Қабанбай шоқысы» мен Райымбек батыр атындағы «Әулие шоқы» туралы болып еді. 1988 жылы менің «Тесік тас» деген толғауым жазылып, ол Қазақстандағы еларалық «Шалқар» газетінде 1990 жылы жарық көрді. Осы толғау туралы



алған асуын биіктетті. Қазақ тілінің құнары мен нәрін бойына жинаудан өзге қытай тілін жетік меңгергендігінің арқасында тарихтың терен қатпарында қаттаулы жатқан асыл мұраларымызды қауызынан аршып, көдеге жаратты. Көшпенділік пен жаугершіліктің салдарынан сайда саны, құмда ізі қалған байлықтарымыздың дерегін жинап, өлі күйден тіріліп, айналымға енгізді.

Әнеу бір жылдары ҚХР Үрімжі қаласындағы «Жана әуен» компаниясының жетекшісі Нұрбосын Нұрмұқаулының мұрындық болуымен музыкасы реттеліп, ән-сөзі жазылып, әуезді әншілеріміз арқылы орындалған, сұлу қыздарымыздың мың бұралған биімен қайта тіріліп жандана түскен «Қара жорға» биіне әлдебіреулер қатты шұқшыып «бұл қазақтікі емес, оралманның биі» деп байбалам салғанда, Зейнолла аға ашуын

сөз Қазақ радиосының «Шалқар» бағдарламасында эфирден берілді. Онда Қабанбай батырдың Әтеке жырықпен жекпе-жек кезінде батырлар тұс-тұстан бас қосатын еді ғой. Сол Әтекенің жолын тосып, Қабанбай батыр Өр Текесте (*Іле өңірінде*) бір ай ат шалдырады. Батырға ұнаған Текес өзені жағасындағы тауға «Аттың тауы» деп ат береді. Сол жолы Тянь-Шань тауының бір сілемі, Тоғызтарау ауданы аумағындағы шоқыға батырдың құрметіне ел-жұрты «Қабанбай шоқысы» деп ат қояды.

Ал Үйсін тауының ең биік шыңына (*Моңғұлқұре ауданы мен Шапшал ауданының арасында*) Албан руынан келген Райымбек батырдың құрметіне «Әулие шоқы» деп ат қойылады. Сонда батырдың қарауыл тұғыры болған Қонақай аңғарындағы тау жартасындағы тесік тас менің өленімнің тақырыбы болды. Сөз Қабанбай мен Райымбек батырлар жөнінде өрбилі. Осы толғауды жазарда

саяси ғалымдарды басынан өткізіп, «социалистік жылымыққа» ілінген аз ғана тұлғалардың бірі. Алпарыспен өткен «оңшыл ұлтшылдарға қарсы күрес» және «мәдениет зор төңкерісі» кезіндегі кеткен есесін, жіберіп алған уақытын толықтыру жолында жанкештілікпен еңбек еткені анық. Соның нәтижесінде бірнеше әдеби-көркем роман, ғылыми-танымдық кітаптар, ұлттық-этнографиялық монографиялар жазып қалдырды. «Ғалымның хаты қалады, жақсының аты қалады» деген осы болар бәлкім.

Ең бастысы, Тәуелсіз Қазақ еліне аман жетіп, қыруар еңбектерін отанына сыйлады. Қасиетті қара шаңырақтың құтты құшағында мәңгілікке дамылдады. Қарапайым да асыл қасиеттерімен көпшілікті өзіне тәнті еткен бейнесімен халықтың жүрегінде мәңгіге қалды!

Дәулетбек БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕРГЕ ҚОЛДАУ ↓

«Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қоры» — Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, белгілі қаламгер, этнограф Зейнолла Сәніктің 85 жылдығына орай, республикалық деңгейде бірсыпыра игілікті іс-шаралар жоспарлап отыр. Соның бірі — жазушының бай мұраларын ғылыми айналымға енгізу жолында ізденіп жүрген жас зерттеушілерге, магистранттар мен студенттерге шәкіртақы тағайындауы.

Жақында ғана Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің білім алушылары магистрант Насырғазы Ақниет пен студент Сабырбек Ақбота «З.Сәнік атындағы мәдениет қорының» степендиаты атанды. Екеуі де — осы оқу орнының зерттеуге бейім, еңбекқор ізденушілері.

Магистрант Ақниет Насырғазы — «Этнограф З.Сәнік шығармашылығындағы этнографиязмдердің лингвокогнитивтік талдамасы» тақырыбындағы магистрлік жұмысының алғашқы ізденістерін ғылыми конференцияларда баяндап, жариялады. Ал Ақбота Сабырбек болса, «Этнограф Зейнолла Сәнік зерттеулерін дегітіл мен дәстүрлі мәдениет үйлесімі» тақырыбында зерттеу жұмысын жүргізуде.

Биыл қаламгердің 85 жылдық мерейтойы қарсаңында «Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қоры» оның еңбектерін ғылыми айналымға енгізіп жүрген жастардың жазғандарын жинап, жас ізденушілерді тауып, оларға сыйақы тағайындады. Тек ізденушілерге ғана емес, оларға бағыт-бағдар беріп жүрген ғылыми жетекшілері Ғазиза Шойбекова да сыйақыға ие болды. Университеттің білімді жастары З.Сәніктің ғылыми-этнографиялық еңбектері мен көркем туындыларын зерттеу арқылы, ұлт танымын жаңғыртып, қазақтың қазіргі өміріне қайта алып келу керек деген ұстанымдағы ойларын адам жанының рухани баюы деп санайды. Олардың пікірінше, өзін сыйлайтын, рухани таза болғысы келетін, ұлтын қастерлейтін әрбір адам З. Сәнік туындыларымен танысып, сусындауы керек.

Айта кеткен жөн, қаламгер еңбектерін зерттеумен айналысқан Алматы, Нұр-Сұлтан, Семей, Тараз қалаларындағы 7 жоғарғы оқу орнында білім алып жатқан 9 магистрант пен студентке және диссертация қорғаған бір ғылыми қызметкерге қордың арнайы шәкіртақысы тағайындалды. Осы арқылы «Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қоры» ғылымды дамытуға, ғылымға қадам басқан жас зерттеушілерге қанат бітіруге өз үлесін қосуда.



